



Қазтұтынуодағы Қарағанды университетінің  
Үйлестіру кеңесі туралы ереже  
Қазтұтынуодағы ҚарУ-П-87-2024

4 Нұсқа  
2024

7 беттен 1

**«БЕКІТЕМІН»**

**Ғылыми кеңес төрағасы -  
Қазтұтынуодағы Қарағанды  
Университетінің Ректоры  
э.ғ.д, профессор**

**Е.Б.Аймагамбетов**

**Хаттама № 8**

**«30» 04 2024 ж.**

**Ғылыми кеңес отырысында қаралды  
және талқыланды**

**ҚАЗТҰТЫНУОДАҒЫ ҚАРАҒАНДЫ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ  
ҒЫЛЫМ ЖӨНІНДЕГІ ҮЙЛЕСТІРУ КЕҢЕСІ ТУРАЛЫ  
ЕРЕЖЕ**

Қазтұтынуодағы ҚарУ-П-87-2024



## Содержание

|     |                                                                                                    |   |
|-----|----------------------------------------------------------------------------------------------------|---|
| 1.  | Мақсаты және қолдану саласы                                                                        | 3 |
| 2.  | Нормативтік сілтемелер                                                                             | 3 |
| 3.  | Терминдер, анықтамалар мен қысқартулар                                                             | 3 |
| 3.1 | Терминдер мен анықтамалар                                                                          | 3 |
| 3.2 | Қысқартулар                                                                                        | 3 |
| 4.  | Жауапкершілік пен өкілеттіктер                                                                     | 3 |
| 5.  | Жалпы ережелер                                                                                     | 4 |
| 5.1 | Ғылым жөніндегі үйлестіру кеңесінің міндеттері мен функциялары                                     | 4 |
| 6.  | Ғылыми үйлестіру кеңесінің құрамы мен құрылымы                                                     | 5 |
| 7.  | Ғылыми үйлестіру кеңесінің отырысын, оның ішінде қашықтық форматта ұйымдастыру және өткізу тәртібі | 5 |
| 8.  | Шығару және тарату                                                                                 | 6 |
| 9.  | Сақтау                                                                                             | 6 |
| 10. | Танысу парағы                                                                                      | 7 |



### 1. Мақсаты және қолдану саласы

Ғылым жөніндегі үйлестіру кеңесі Қазтұтынуодағы ҚарУ ғылыми-білім беру саясатының өзекті мәселелерін талқылауға және оны дамыту және іргелі және қолданбалы ғылыми зерттеулер жүргізу, ғылыми және ғылыми-педагогикалық кадрларды даярлауды жетілдіру, Қазтұтынуодағы ҚарУ-де инновациялық кәсіпкерлікті дамыту салаларында іске асыру жөнінде ұсынымдар әзірлеуге арналған тұрақты жұмыс істейтін кеңесші орган болып табылады.

### 2. Нормативтік сілтемелер

Осы ереже келесі нормативтік құқықтық актілердің талаптарын ескере отырып әзірленді:

|                                   |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                         |
|-----------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| Негізгі ұйымдық-құқықтық құжаттар | <ul style="list-style-type: none"><li>- ҚР Конституциясы;</li><li>- ҚР «Білім туралы» Заңы;</li><li>- ҚР «Сыбайлас жемқорлық туралы» Заңы;</li><li>- ҚР «Ғылым туралы» Заңы;</li><li>- ҚР Еңбек кодексі;</li><li>- Қазтұтынуодағы ҚарУ оқытушылары мен қызметкерлерінің кәсіби әдеп кодексі;</li><li>- Ішкі еңбек тәртібі ережелері;</li><li>- Университет жарғысы және басқа да нормативтік-құқықтық актілер</li></ul> |
|-----------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|

### 3. Терминдер, анықтамалар мен қысқартулар

#### 3.1. Терминдер мен анықтамалар

|                     |         |                                                                                                                                                                                                                                                                              |
|---------------------|---------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| Ғылыми жұмысы       | зерттеу | ғылыми зерттеулермен байланысты ғылыми сипаттағы жұмыс, бар білімді кеңейту және жаңа білім алу мақсатында зерттеулер, эксперименттер жүргізу, ғылыми болжамдарды тексеру, табиғатта және қоғамда көрінетін заңдылықтарды орнату, ғылыми жалпылау, жобаларды ғылыми негіздеу |
| Құжатталған ақпарат |         | ұйым және ол қамтылған ақпарат құралдары басқаратын және қолдауы қажет ақпарат                                                                                                                                                                                               |
| Нәтижелік           |         | жоспарланған тапсырмалардың орындалу дәрежесі және жоспарланған нәтижелерге қол жеткізу                                                                                                                                                                                      |
| Тиімділік           |         | қол жеткізілген нәтиже мен жұмсалған ресурстар арасындағы қатынас                                                                                                                                                                                                            |

#### 3.2. Қысқартулар

|         |                                                                |
|---------|----------------------------------------------------------------|
| ЭҚЗ ҒЗИ | Экономикалық және құқықтық зерттеулер ғылыми-зерттеу институты |
| ҮК      | Үйлестіру кеңесі                                               |
| ПОҚ     | Профессорлық-оқытушылық құрамы                                 |

### 4. Жауапкершілік пен өкілеттіктер

4.1. Қазтұтынуодағы Қарағанды университетінің Үйлестіру кеңесі туралы ереженің мазмұнын әзірлеу, тексеру үшін экономикалық және құқықтық зерттеулер ғылыми-зерттеулер институтының директоры жауапты болады. Өткізу ережелері мен мерзімдерінің орындалуын бақылауды университеттің ғылыми жұмыс және инновациялар жөніндегі проректоры жүзеге асырады.

4.2. Ғылым жөніндегі үйлестіру кеңесі өз қызметін Қазтұтынуодағы ҚарУ Ғылыми кеңесімен және бөлімшелерімен бірлесіп жүзеге асырады.



## 5. Жалпы ережелер

### 5.1 Ғылым жөніндегі үйлестіру кеңесінің міндеттері мен функциялары

#### 5.1.1 Ғылым бойынша ҮК міндеттері:

- өткізілетін ғылыми-зерттеу жұмыстарын үйлестіру, университет қызметкерлері мен студенттерінің ғылыми зерттеулерге, ғылыми конкурстар мен ғылыми-зерттеу бағдарламалары бойынша тендерлерге қатысуы;
- қолданыстағы ғылыми мектептерді қолдау және жаңа ғылыми мектептерді қалыптастыру үшін жағдайлар жасау;
- университеттің ғылыми-білім беру саясатын қалыптастырудың өзекті мәселелері бойынша ұсыныстар мен ұсынымдар дайындау;
- магистратура және докторантура бағдарламаларының нәтижелілігі мәселелерін қарау;
- ғылыми бөлімшелер мен бағыттар қызметінің нәтижелілігін бақылау;
- зерттеу жұмыстарының ғылыми және ғылыми-техникалық сараптамасын ұйымдастыру;
- ғылыми жетістіктер мен әзірлемелерді коммерциялық ілгерілетуге жәрдемдесу;
- отандық және шетелдік жоғары оқу орындарымен және ҒЗИ-мен жаңа ғылыми байланыстарды қолдау және дамыту;
- ғылымның білім берумен байланысын нығайтуға және білім беру процесінде, оқу және оқу-әдістемелік басылымдарда ғылыми-техникалық жетістіктерді пайдалануға жәрдемдесу;
- іргелі және қолданбалы зерттеулерден алынған ғылыми өнімдерді түпкілікті пайдалануға дейінгі толық үздіксіз инновациялық циклды қалыптастыруға жәрдемдесу;
- ғылыми кадрлардың біліктілігін арттыруға жәрдемдесу.

#### 5.1.2 Қазтұтынуодағы ҚарУдың ғылым жөніндегі үйлестіру кеңесі өзіне жүктелген міндеттерге сәйкес:

- ғылыми зерттеулердің басым бағыттарын дамыту бойынша ұсыныстар дайындайды;
- қызметкерлер мен студенттердің ғылыми-зерттеу жұмысының жағдайы мен даму перспективаларының бақылау нәтижелерін тыңдайды және талқылайды;
- Қазтұтынуодағы ҚарУ-де ғылыми және ғылыми-педагогикалық кадрларды даярлау нәтижелілігіне баға береді және магистратура мен докторантура бағдарламаларының жұмысын жетілдіру бойынша ұсынымдар дайындайды;
- отандық және шетелдік жоғары оқу орындарының ұқсас кеңесші органдарымен және ҒЗИ-мен ынтымақтастықты жүзеге асырады;
- Қазтұтынуодағы ҚарУ зерттеу ұжымдарының білім беру үдерісінде жетістіктерін пайдаланудың нәтижелілігіне баға береді және жұмыстың осы бағытын жетілдіру бойынша ұсынымдар дайындайды;
- тұрақты негізде олардың коммерциялық әлеуетін бағалау үшін орындалған іргелі және қолданбалы зерттеулердің нәтижелеріне талдау жүргізеді және олардың неғұрлым перспективалысын мақсатты қаржыландыру бойынша ұсынымдар дайындайды;
- ғылыми конференцияларды, семинарларды, кеңестерді ұйымдастыруды және өткізуді үйлестіреді;
- Қазтұтынуодағының ҚарУ-да ғылыми-зерттеу қызметін дамытудың аса маңызды сұрақтарын талқылауға арналған алаң болып табылады.



## **6. Ғылым жөніндегі үйлестіру кеңесінің құрамы мен құрылымы.**

6.1 Ғылым бойынша ҮК құрамы ғылыми-зерттеу және интеграциялық қызмет жөніндегі проректордың ұсынысы бойынша қалыптастырылады. Кеңес құрамына міндетті түрде кіруге тиіс:

- Зерттеу жұмысына жауапты бөлімшелердің басшылары және/немесе жауапты бөлімшелері (ҒЗИ, университеттің бөлімдері мен кафедралары);
- жоғары оқу орнынан кейінгі білім департаментінің директоры;
- университеттің жас ғалымдар мен мамандар кеңесінің төрағасы;
- студенттер қауымдастығының өкілдері.

Кеңестің құрамына ЖОО-ның ғылыми-зерттеу қызметін дамыту қажеттіліктеріне сәйкес жетекші ғалымдар мен жоғары білікті мамандар қатарынан Қазтұтынуодағы ҚарУ қызметкерлері енгізілуі мүмкін.

6.2 Ғылым жөніндегі үйлестіру кеңесін ғылыми-зерттеу және интеграциялық қызмет жөніндегі проректор атынан Төраға басқарады. Кеңес хатшысы және жетекші ғалымдар мен жоғары білікті мамандар қатарынан қосымша мүшелер тікелей ашық дауыс беру нәтижелері негізінде таңдалады.

6.3 ҮК дербес құрамы мен құрылымы ҮК ұрамын кейіннен ішінара жанарта отырып, бір жыл мерзімге бекітіледі.

6.4 Қажет болған жағдайда ғылым жөніндегі үйлестіру кеңесінің Қазтұтынуодағы ҚарУ-дың оқу, ғылыми және әкімшілік бөлімшелерінен ғылыми-зерттеу қызметінің әртүрлі аспектілері бойынша материалдар мен қосымша ақпарат сұратуға, сол сияқты осы бөлімшелердің басшылары мен ғылыми-зерттеу жұмыстарын орындаушыларды баяндамаларымен отырыстарға шақыруға құқығы бар.

6.5 Қажетті жағдайларда қойылған міндеттерді шешу үшін ғылым жөніндегі үйлестіру кеңесі сараптамалық және жұмыс топтарын құра алады, өз жұмысына және отырыстарына ҮК мүшесі болып табылмайтын ғалымдар мен мамандарды тарта алады. Ғылыми бағыттардың немесе білім беру бағдарламаларының түйіскен жеріндегі мәселелерді қарау үшін кеңейтілген отырыстар өткізілуі мүмкін.

6.6 ҮК ғылым бойынша ағымдағы қызметі қоғамдық негізде жүзеге асырылады. ҮК ж-үргізетін жекелеген іс-шараларды қаржыландыру Қазтұтынуодағы ҚарУ ректоры ҮК төрағасының ұсынуы бойынша бекіткен сметалар негізінде жүзеге асырылады.

## **7. Ғылым жөніндегі үйлестіру кеңесінің отырысын, оның ішінде қашықтық форматта ұйымдастыру және өткізу тәртібі.**

7.1 Ғылым жөніндегі кеңестің ҮС отырыстары қажеттілігіне қарай, бірақ жылына кемінде 5 рет өткізіледі.

7.2 Ғылым бойынша ҮК отырыстарының күн тәртібін алдын ала қалыптастырады және үйлестіру кеңесінің мүшелері бекітеді.

7.3 Ғылым бойынша ҮК мүшелерінің бастамасы бойынша отырыстың күн тәртібіне жоспарда көзделмеген мәселелер енгізілуі мүмкін.

7.4 Отырыстың күн тәртібі ғылым жөніндегі ҮК мүшелеріне және өзге де мүдделі тұлғаларға, әдетте, отырыс күніне дейін 1 аптадан кешіктірілмей жеткізіледі.

7.5 Ғылым жөніндегі үйлестіру кеңесінің отырысында күн тәртібіне сәйкес мәселелерді қарау үшін баяндамашылар баяндаманы (баяндама тезистерін), қаулы жобасын, сондай-ақ ғылым жөніндегі үйлестіру кеңесі хатшысымен келісім бойынша басқа да материалдарды дайындайды.

7.6 Ғылым жөніндегі ҮК отырысына қатысу мүмкін болмаған жағдайда Кеңес мүшесі бұл туралы төрағаға кез келген қолжетімді тәсілмен хабарлайды.

7.7 Ғылым жөніндегі үйлестіру кеңесінің отырысы Кеңес мүшелерінің 50%-дан астамы



отырысқа келген кезде заңды болып саналады.

7.8 Ғылым жөніндегі үйлестіру кеңесінің отырысы басталар алдында отырысқа келгендерді келу парағында тіркеу жүргізіледі.

7.9 Ғылым бойынша ҮК отырысы қажет болған жағдайда қашықтықтан, яғни бейнеконференцбайланыс жүйесін пайдалану арқылы ғылым жөніндегі үйлестіру кеңесі мүшелерінің қашықтан қатысу нысанында өткізіледі.

7.10 Ғылым бойынша ҮК қашықтықтан отырысы күн тәртібіне сәйкес өткізіледі.

7.11 Қашықтан отырыстың бейнеконференциясының сілтемесі және / немесе идентификаторы мен паролі ғылым бойынша ҮК мүшелеріне отырысқа дейін 1 күннен кешіктірілмей жіберіледі.

7.12 Ғылым жөніндегі ҮК хатшысы қашықтықтан отырысқа қатысушылардың есебін жүргізеді.

7.13 Ғылымдағы ҮК шешімдері қарапайым көпшілік дауыспен ашық дауыс беру арқылы қабылданады.

7.14 Ғылым бойынша ҮК шешімдері хаттамамен ресімделеді. Ғылым бойынша ҮК отырысының хаттамаларына төраға мен хатшы қол қояды.

7.15 Ғылым бойынша ҮК шешімдері орындаушыларға үзінді көшірме түрінде жеткізіледі.

## 8. Шығару және тарату

Университеттің барлық факультеттеріне осы Ережені шығару және тарату ЖҒМК-мен қамтамасыз етіледі.

## 9. Сақтау

Осы Ереженің түпнұсқасы ЖҒМК-де, көшірмесі СҚЖАО-да сақталады.

### Әзірлеуші:

ЭҚЗ ҒЗИ директоры

Т.А.Ханов

### Келісілді:

Ректор аппаратының  
басшысы

Ю.Н.Еремин

Ғылыми жұмыс және инновациялар  
жөніндегі проректор

М.Р.Сихимбаев

СҚЖАО директоры

Д.Г.Кудикенова

